

ӘОЖ 28-74

А.Ш. Әділбаев, Ш.А. Әділбаева*

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: adilalau72@mail.ru

Ислам құқығында үкім шығару әдісі ретінде «әл-масалих әл-мурсала»

Аңдатпа. Әлемдік діндердің ішіндегі Ислам құқығы – бастауын Құран және пайғамбар сүннетінен алған, өзіндік қағидалар мен әдіснамаға ие және ешбір құқық жүйесінің ықпалына ұшырамаған айрықша діни құқық. Осы ерекшелігінің арқасында ол ғасырлар бойы өзінің динамизмін сақтап келеді. Ислам – адам құқықтары мен бостандықтарына айрықша мән беріп, оны қорғауға алумен қоса, жеке тұлғаның әрекеттерінің өзге адамдардың құқығын аяққа таптауына, қоғамның игілігіне нұқсан келтіруіне жол бермеуді көздеген. Ислам шариятында діни үкімдер, негізінен, Құран, сүннет, ижма және қияс секілді негізгі дәлелдерге, оларда кездеспеген жағдайда қосымша әдістер қолданыла отырып шығарылады. Сол әдіснамалардың ең негізгілерінің бірі – діннің түпкі мақсатын көздей отырып, қоғам өмірін қиындатпай, игілікті таратып, зиянды әрекеттерді тыятын масалихул-мурсала. Бұл әдіснама пайғамбар дүниеден өткеннен кейінгі әділ халифалар кезеңінен бері қолданыла бастаған әрі мұсылман қоғамында жаңадан туындаған түйткілді мәселелердің оң шешім табуына өзіндік септігін тигізген. Кейінгі ғасырлардағы мұсылман әлеміндегі жаңашылдық пен құқықтағы модернизация түсінігінің жандана бастауымен дәстүрлі түсініктегі осы масалихул-мурсала принципі қайта күн тәртібіне шықты. Кейіннен ауқымы кеңейіп, ислам құқығына динамизм әкелген негізгі ұғымдардың біріне айналды.

Түйін сөздер: ислам құқығы, құқық әдіснамасы, қоғам игілігі, діни дәлелдер, рационалдық тәсіл.

Ислам – ең соңғы жіберілген әлемдік дін. Оның негіздері Құран кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сүннетімен бекітілген. (Сүннет – Ислам шариятында Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) келіп жеткен барлық сөз, іс-әрекет және құптауларының жиынтығына берілетін атау және ол құқықтық нормаларды белгілеуші басты қайнаркөз). Ислам – адам баласының осы өмірімен бірге арғы өмірін де бақытқа бөлеуді мұрат еткендіктен адам мен қоғам өмірінің барлық саласын түгел қамтитындай ауқымды, кемел дін. Ислам бойынша дін – тұлғаның ішкі жан дүниесімен ғана шектелетін құбылыс емес, ол адам өміріндегі сенім, құлшылық, ахлақ негіздерін айқындаумен қатар, қоғам өмірінің үйлесімі мен тәртібін де қамтамасыз ететін құқықтық қайнар көздерді белгілеген Ислам құқығы бастауын Құран және пайғамбар сүннетінен алғандықтан өзіндік қағидалар мен әдіснамаға ие және ешбір құқық жүйесінің ықпалына ұшырамаған айрықша діни құқық болып табылады. (Ислам құқығын зерттеген кейінгі ғасырдағы ғалымдар оның бастаулары жайлы түрлі пікірлер білдірген. Оны үш топқа бөлуге болады: 1. Гольдциер, В. Кремер Sceldon Amos секілді шығыстанушылар

Рим құқығының көшірмесі десе, 2. Vallino, Fitzgerald, G.H. Bousquet minni Шахт секілді шығыстанушылар мен кейінгі ғасырдағы мұсылман ғалымдары оны ешбір жүйеге тәуелсіз толықтай өзіндік ерекшелігі бар құқық екендігін алға тартады, 3. Ирандық Әбул Фәддил әл-Жукадани, Абдух Хасан әз-Зәйиатсекілді зерттеушілер керісінше Рим құқығы Испания арқылы ислам құқығынан әсерленген деген секілді көзқарастарды ұсынады). [1] Ислам құқығы осы ерекшелігінің арқасында ғасырлар бойы өзінің маңыздылығын сақтап келеді. Ислам – адам құқықтары мен бостандықтарына айрықша мән беріп, оны қорғауға алумен қоса, жеке тұлғаның әрекеттерінің өзге адамдардың құқығын аяққа таптауына, қоғамның игілігіне нұқсан келтіруіне мүлдем жол бермейді.

Ислам құқығы (шарият) жеке адам мен тұтас қоғамның игілігін көздейді. Сондықтан, шарият қоғамда белгілі бір тәртіп пен үйлесім орнату мақсатында адамдардың жақсы істер жасап, жамандықтан аулақ болуын бұйырады. Өйткені, Ислам жалпы алғанда әділдік, рақымдылық, даналық пен ізгіліктің қайнар бастауы. Қандай да бір үкімде құқық аяқасты етіліп, әділетсіздік орын алса немесе мейірімділіктің орнын

қатыгездік, даналықтың орнын надандық, қоғамның шырқын бұзып, берекесін алатын зиянды пиғылдар ешқашан діни үкімдерге негіз бола алмайды.

Шариғат бойынша қандай да бір мәселеге қатысты үкім шығару барысында алдымен негізгі діни дәлелдерге жүгіну шарт. Негізгі діни дәлелдерге Құран, сүннет, ижма (*Мұсылман мүжтәхид ғалымдарының Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) дүние салғаннан кейінгі қандай да бір кезеңінде белгілі бір діни үкімге бірауыздан келісуі*), қияс жатады (*Қияс (салыстыру/аналогия әдісі)*). *Қиястың сөздік мағынасы «Өлшеу, салыстыру, теңестіру» дегенді білдіреді. Ал фикһ әдіснамасында қияс – Құран аяттары мен хадистерде және ижмада ашық үкімі жоқ қандай да бір қалыптасқан ахуалды Құран мен хадисте сөз болған қандай бір жағдаймен салыстыра отырып, ұқсастығына қарай шешім шығару*). Осы негізгі қайнарларда қандай да бір мәселеге қатысты үкім табылмаған жағдайда қосымша үкім шығару тетіктері (истисхаб, әдет-ғұрып, сахабалардың сөздері, сәдду-зараиф, шәрғу мән қаблана) іске қосылады. Осылардың қатарында ең негізгі ұстындардың бірі адамдардың тұрмысындағы қиындықтарды жоюды көздеген «масалихул-мурсаланы» қолға алмақпыз.

Араб тіліндегі «**масалих**», маслахат сөзінің көпше түрі. Мағынасы – бір нәрсенің мақсатқа сай, оңтайлы, пайдалы, жақсы нәрсе дегенге саяды. Ал мурсала сөзі бос тасталған, еркіне жіберілген, жасап, жасамауға қатысты қандай да бір діни мәтін жоқ нәрсе деген мағынаны білдіреді. Осы екі сөз тіркесінен құралған масалихул-мурсала сөзінің ислам құқығы әдіснамасындағы терминдік мағынасы – діннің негізгі мақсатына сай келумен бірге нақ осы мәселенің негізгі діни қайнар бастауларда арнайы үкіммен бекітілмегендігі анық жағдайда сол мәселеге қатысты адам мен қоғам өмірінің игілігі үшін жасалған шешім дегенге саяды [2]. (*Сонымен қатар құқық методологиясы кітаптарында маслахатқа «пайдалы нәрсеге қол жеткізіп, зиянды нәрсені жою» деп те анықтама берілген*). [3] Сонымен қатар бұл әдіс «Истислах» деп те аталады.

Жоғарыдағы терминдік анықтамадан байқағанымыздай масалихул-мурсала: біріншіден дінде үкімі жоқ болса, екіншіден, қиясқа (аналогия әдісі) салып салыстырып көре алатын насс (аят-хадистер) және ижмамен белгіленген үкім кездеспеген жағдайда жүзеге асырылады.

Маслахаттар (пайдалы нәрселер) кейбір діни үкімдерге негіз қалыптастырып, осыған жүгінуге болатындығына қатысты қандайда бір дәлел табылса, оларға діни тұрғыдан «маслахатул-мутабара», яғни сенімді (сүйенуге болатын) маслахат деген атау беріледі. Ол өз ішінде үшке бөлінеді:

1. Зәруліктер: Олар адамдардың діни әрі күнделікті тұрмыстары үшін қажетті, болмаған кезде тұрмыс-тіршіліктерінің қиындап, бұзылуына, ақыретте жәннәттан мақұрым қалуға себеп болатын нәрселер. Мысалы мына бес зәру нәрсені қорғау осыған жатады: Дін, жан (өмір), ақыл-ес, ұрпақ пен дүние-мүлкін сақтау. Дінді-отанды сақтау үшін жихадқа рұқсат етілген, өзге адамдардың өмірін сақтау үшін біле-тұра, қасақана кісі өлтірген адамға қысас (дәл сондай жаза түрін беру) жасау, ақыл-есті сақтау үшін арақ ішкенге дүре соғу, ұрпақтың тазалығын сақтау мақсатында зина (ойнастық) жасағанға және ары таза әйелдерге «зина жасады» деп жала жапқандарға дүре соғылуы секілді жазалардың белгіленуі т.б. Бұлардың әрқайсысы қоғамның игілігі үшін қажетті шаралар болғандықтан шариғат тұрғысынан сенімді (мутабар) деп табылады.

2. Хажият (Қажеттіліктер): Бұлар өмірдің кейбір машақаттарынан құтылу үшін адамдар мұқтаж саналатын, олар болмаған жағдайда қиындық тудыратын жағдайлар. Сауда-саттық, жалға беру секілді түрлі азаматтық мәмілелер, сапар жағдайында намаздарды қысқартып, кей мезһабтарда екі намазды қосып оқу, жүкті және емізулі әйелдер мен денсаулығы жарамайтын адамдардың ораза ұстамауы, етеккір мен босану жағдайындағы әйелдердің намаз оқымауы, мәсінің сыртынан мәсіх тартуға рұқсат берілуі осы санаттағы мән-жайларға жатады. Осылардың бәрі мұндай жағдайлар үшін рұқсат етілген үкімдерге үйлесімді сипаттар болып табылады.

3. Тахсиният: Намаз оқу мақсатында жасалатын тазалық, киім-кешекке қатысты сәндену жағдайлары, жейтін нәрселердің ішінде кейбір адал емес нәрселерге тыйым салынуы, әдептілік пен көркем мінезділіктің бекітілуі және т.б. қоғам үшін жақсы қасиеттерді сақтау мақсатында белгіленген пайдалар болып табылады. Бұлар да өз кезегінде әлгі бекітілген үкімдерге сай сипаттар [4].

Фикһ ғалымдарының көпшілігі масалихул-мурсаланы тек қана Имам Мәлік дәлел ретінде негізге алып, басқалары санамаған деп жазса да, түрлі фикһ кітаптарына жіті назар

аударғанда мәселенің ақиқаты бұлай емес екендігі байқалады. Ғалымдардың көпшілігі масалихул-мурсаланың үкім шығарар кезде мән берілу қажет негізгі ұстын, діни норма екендігін құптайды. Төрт фикһ мәзһабының имамдары да осы көзқарасты ұстанған. Мұны олардың осы ұстынға негізделген үкімдерінен аңғаруға болады. [5] Масалихул-мурсаланы дәлел болып саналмайды дегендердің алға тартқан уәждері де жоқ емес. Дәлелге жүрмейді дегендердің пікірінше шарифаттың бүтіндігін сақтау шарт. Сондықтан да үкімдер ұрпақтан-ұрпаққа қарай өзгермей, шарифаттың қасиеттілігі сақталуы қажет. Олай болса, шарифат жайлы ешкім өз ойы, қалауы бойынша үкім пішпеуі тиіс. Сонымен қатар, мұндай көзқарастағылар дінде масалихул-мурсаланың ешбір түрі норма деп саналмағандығын алға тартады.

Ғалымдар бұл уәжге былайша жауап береді: үкімнің себептерінің немесе нәтижесінде пайда болатын игіліктердің өзгеруі үкімнің де өзгеруін қажет етеді. Өз кезегінде бұл шарифат тұрғысынан құптарлық іс. Масалихул-мурсаланы жетекшілікке алу қоғамның пайдасына шешілетін күшті таңдау болып табылады. Бұл адамның жеке қалауына қарай үкім беру дегенге саймайды. Өйткені, кісі маслахат бойынша іс-амал жасай алуы үшін ол діннің негізгі мақсатына сай келуі қажет. Маслахатты дәлелге санайтындар бұған көптеген мысалдар келтірген. Олардың ең негізгілері мыналар:

1. Қоғамдық жағдай ұдайы өзгеріп отыратындықтан адамның қажеттіліктері де өзгеріп отырады. Егер осы жайт назарға алынбаса адамдардың тұрмыс-тіршіліктері қиындайды. Ондай жағдайда дін, яки бұрынғы діни-құқықтық нормалар заманның ағымына ілесе алмай, қоғамның ілгері жылжып, дамуына кедергі болады. Бұл өз кезегінде діннің адам мен қоғам игілігін көздейтін түпкі мақсатына қайшы.

2. Шарифат үкімдері Жаратқанның рақымы ретінде адамдардың игілігін көздей отырып бекітілген. Аллах тағала осы ақиқатты паш ете отырып, Пайғамбарымызға (с.а.с.) «**Сені күллі ғаламға тек рақым ретінде жібердік**» («Әнбия» сүресі, 21/107) десе, тағы бір аятта «**Аллаһ сендерге қиындықты емес, жеңілдікті қалайды**» («Бақара» сүресі, 2/185) деген.

3. Сахабалар, табиғиндер мен мужтахид имамдарихтихадтарында қиястан көрі маслахатқа баса мән берген. Тіпті бұл ижма дәрежесіне дейін жеткен. Осыған қатысты ислами қайнар көз кітаптарда көптеген мысалдар келтірілген. Мәселен,

Бірінші халифа Әбу Бәкір (р.а.) Омардың ұсынысы бойынша әртүрлі заттарға бөлек-бөлек жазылған Құранды бір кітап ретінде жинастырып: «Бұл ислам үшін жақсылық әрі маслахат (пайда)» деген. Әбу Бәкірдің зекет бермегендерге қарсы жихад жариялауы, өзінен кейін халифа ретінде Омарды тағайындап кетуі де маслахат болатын. Ол жердегі бар ойы мұсылмандар халифа тағайындауға қатысты мәселеде бөлініп-бөлшектеніп кетпесін деген ізгі ниет (маслахат) еді.

Әзірет Омар мұсылмандардың пайдасын ойлап, қол астына қаратқан аймақтардағы егіс алқаптарын өздерінің иелерінде қалдыра отырып, тек салық алып отыру арқылы қазынаға ұдайы кірістің келіп тұруын көздеген. Сахабалар мәселені осылайшы шешу мұсылмандардың игілігіне асатынына көз жеткізгендіктен халифаға қарсы шықпай, шешімін құптаған. Ислам діні күшейіп, қуатты мемлекетке айналғанда халифа муаллафатул-қулубқа яғни, Ислам дінін қабылдауға ынталандыру мақсатында көңілдері жібітілуге тиіс болған топтарға зекет беруді қажет деп таппаған. Елді ашаршылық жайлаған кезде ұрлық жасағандардың қолын кесу жазасын алып тастаған. Қазіргі таңдағы министрліктер секілді әр бір сала бойынша істерді тәртіпке салып жүйелеу үшін қажетті мәліметтерді тіркеп отыратын кеңсе (диуан) құрып, түрмелер салғызды. Адамдар талақ мәселесіне жеңіл қарап, қоғамда белең алып кетпеуі үшін бір мәртеде айтылған үш талақты үшке санады (*Қысқаша ғана айтар болсақ, талақ ислам шарифатында ажырасуды білдіреді. Егер ер кісі әйеліне «сен талақсың», яғни боссың деп үш рет айтса заңды түрде ажырасқан болып есептеледі*). Қысас (жасалған қылмыс түріне сай, дәл сондай жаза беру) жазасынан сытылып кетудің жолын кесу мақсатында бір адамды әлгі топты түгел өлім жазасына кесу қажеттігін бекітті. Ажырасқан әйелдің басқа бір еркекке үйленуіне рұқсат етілетін арнайы уақыты (идда) аяқталмай тұрып онымен неке қиған кісінің әлгі әйелге үйленуіне тиым салды. Халифаның көздеген түпкі ойы қоғамда басқаларға жаман үлгі мен ұстаным орнықпасын дегені еді.

Осман (р.а.) Мәдинада мұсылман жамағатының көбеюіне байланысты жұма намазы уақытының кіргендігін білдіру үшін алдыңғы азанды қосты. Өлім аузында жатып әйелін мирасқорлықтан айыру мақсатында үш талақ берген ер кісінің бұл ниетін іске асыруға мүмкіндік бермей әйелге мирасқорлық жасау құқын таны-

ды. Ондағы көздегені басқалардың мұндай жаман пиғылдарын тыю еді.

Әділ халифалар тігінші және сол секілді басқа да шеберлерге тапсырыс берген адамдардың заттары бұзылып, немесе зиянға ұшыраған жағдайда тапсырыс алушыны келтірілген зиянның орнын толтыруға міндеттеді. Әзірет Али (р.а.) «Адамдарды осы шара ғана құтқарады» деп қоғамның игілігіне қарай шешім шығарған. Бұл үкімнің негізгі мақсаты мүліктік құқықтарын қорғау болатын.

Осы себептен Ханафи мазхабында білімсіз дәрігер, күнәкар-пасық мүфти, алаяқ саудагердің қызметіне тоқтау қойылып, тиым салынған.

Шафиғи мазхабының ғалымдары мен басқа да ғалымдар қасақана адам өлтірген топ мүшелерінің барлығының бірдей өлім жазасына кесілу қажеттігін алға тартып пәтуа берген Имам Шафиғидың шарифат тарапынан құпталған болу шартымен маслахат бойынша үкім шығарғандығы мәлім.

Міне осы айтылғандардың барлығы мұсылман ғалымдарының масалихул-мурсаланы негізге алғандығын көрсетеді. Өйткені бұл Жаратқан ие тыйым салмаған әрі діни үкімдердің пайдасына да сай келген игілікті көрсетеді. Имам Ғазали «Кітап, сүннет және ижмада көзделген діни мақсатты сақтауға бағытталған әр бір ізгі қадам (маслахат) осы негіздердің тысында емес. Бірақ бұған «қияс» емес «масалихул-мурсала» делінеді. Маслахатты «діннің мақсатын сақтау» деп түсіндірген кезде мұны негізге ала отырып, іс-амалдарымызда басшылыққа алуға қарсы шығудың ешқандай да мәні жоқ. Қайта керісінше оның дәлел екіндігін нақты мойындау уәжіп болады» деген екен [6].

Истислах жалпы және арнайы бір пайданы анықтау мақсатында жүргізілетін рационалдық тәсіл болғандықтан ол белгілі бір дәрежеде субъективті саналады. Әрине бұл дүниеде мынау толықтай зиян немесе түгелдей пайда деген нәрсе жоқ. Сондықтан да пайдалардың ең абзалын алып, зиянның ең жаманын жою қажет [7]. Сол себепті мұсылман ғалымдары маслахатты негізге алудың мынадай шарттарын бекіткен:

1. Маслахат Жаратқанның мақсатына сәйкес келуі керек. Яғни діннің негіздері саналатын қайнар көздердің біріне, нақты дәлелге қайшы келмеуі тиіс. Нақты арнайы бір дәлел оның негізге алынатындығына дәлел болмаса да одан алшақ кетпеуі керек. Осы негіз бойынша рамазан айында күндіз әйелімен жақындасып қойған адамға күнәсінің өтемі ретінде бұл әрекетін тыюға күштірек ықпал жасау мақсатында құл азат етудің

орнына екі ай арасын үзбей ораза ұстауға пәтуа беру секілді ерекше жағдайға байланысты үкім шығару дұрыс емес. Өйткені бұл мұндай күнәнің өтеміне қатысты келіп жеткен діни дәлелге қайшы (*Пайғамбарымыздан келіп жеткен хадисте мұндай жағдайда құл азат ету, кедейлерді тамақтандыру үкімі рет-ретімен айтылған. Жаратқан ие шамасы келетіндерге бай-кедей деп бөлмей осылардың бірін таңдау мүмкіндігін беру арқылы екі ай үзбей ораза ұстау пайдасын жойған. Өйткені құл азат ету, кем бағалдарды тамақтандырудың қоғам үшін пайдалары одан да көп. Ал ықпалдырақ болар деген ниетпен әлгіндегі үкім шығару құл азат етіп, кедейлерді тамақтандыру дәулетті кісілерге ғана тән пайда болып табылады*) [8].

Тағы бір мысал берсек, елге, отанға басып кіріп, жаулап алғалы тұрған дұшпанға соғыссыз беріле салу пайдалы секілді көрінгенмен, мұндай «пайда» негізге алынбайды. Өйткені жау қолына беріле салып өлімнен құтылып кету мен дүние-мүлікті таран-таражға ұшыраудан сақтап қалу секілді пайдаларды шарифат құптамай, оны жарамсыз санап, жихадты, дін мен отанды қорғауды бұйырған.

2. Маслахат, қоғамның игілігін көздей отырып шығарылған үкім негізсіз болмауы және нақты пайда әкеліп немесе бір зиянның алдын алатындығы анық болуы қажет. Мысалы, жылжымайтын мүлікті алып-сатуға қатысты келісімдердің ресми түрде құжатталуы жалған куәлікті және адамдар арасындағы қатынастарда тұрақтылыққа септігін тигізсе, мұны уәжіп қылуға (міндетті ету) діни тұрғыдан ешқандай кедергі жоқ. Сол секілді қажеттілік туындаған жағдайда бағаның мемлекет тарапынан белгіленуі, бағада көпшіліктің алданып қалуын алдын-алу, халыққа келетін зиян мен қиындықтарды жойып, мүдделерін сақтау секілді пайдалары болса, мұндай қадамдарға баруда діни тұрғыдан ешқандай кедергі жоқ. Яғни үкім шығарған кезде қоғамға пайда алып келетініне нақты көз жеткізу керек. Бос қиялдар үкімге негіз бола алмайды. Пайда мен зиянды ақыл елегінен әбден өткізіп, елеп-екшемей тұрып «осы үкім пайдалы болады» деп жеңіл қарап, пәтуа шығаруға болмайды.

3. Бұл жеке бастың емес, қоғамның мүддесіне негізделген болуы керек. Өйткені шарифат жеке адамдарға емес, барлығына бірдей бекітілген. Сондықтан бір патшаның немесе соның жақындарының мүддесі негізге алына отырып берілген үкімді басшылыққа алуға діни тұрғыдан

рұқсат етілмейді. Дәл сол секілді бір қорғанға бекінген дұшпанның бір мұсылманды алдарына қалқан етіп алған жағдайда оларды қоршап қысым көрсетуге мүмкіндігі бар және олардың мұсылман еліне шабуыл жасау қатері жоқ бола тұра әлгі мұсылманды өлтіруге рұқсат ететін пәтуа шығаруға болмайды [9].

Масалихул-мурсала тәсілі құлшылыққа емес, көбіне адамдар арасындағы қарым-қатынастарға қатысты мәселелерде қолданылатынын да айта кеткен жөн. Ал құлшылық мәселелерінде маслахаға негізделіп үкім шығарылмайды. Өйткені құлшылықтар пенде мен Жаратқан арасындағы қатынастарды реттейді. Олардың пайдасы ақылға жүгіну негізінде анықталмайды. Ақылға сүйене отырып жаңа құлшылық түрі шығарылмайды. Ол өз кезегінде дінге өзгерістер енгізіп, тазалығын бұзатындықтан шарифатта бұған рұқсат жоқ [10].

Бұл тәсіл Пайғамбарымыз дүниеден өткеннен кейін, сахабалар кезеңінің өзінде қолданыла бастаған. Сахаба кезеңіндегі ақылға жүгіне отырып үкім шығару аясында осы истислах әдісінің көбіне қоғам дамуына орай басқару, құқық және экономика саласында шешуші рол ойнағаны байқалады. (Мысалы, Харам мешіті мен Пайғамбар мешітін үлкейту мақсатында айналасындағы жылжымайтын мүліктерді истислах, уақыф ғимараттарын бұзу, жұма намазының азанының алдында тағы бір азанның қосылуы осыған жатады.) Діни мәтіндердің анық та айқын дәлеліне сүйенбесе де діннің жалпы ұстанымдарын сақтауды негізге алғандықтан осы мысалдарды истислахтың алғашқы үлгілеріне жатқызуға болады. Табиғин кезеңінде ислам территориясының кеңеюі нәтижесінде өзге мәдениеттермен танысу арқылы туындаған жаңа құқықтық мәселелердің осы истислах терминінің негізіндегі түпкі мақсатқа сай шешімін тапқаны байқалады.

Масалихул-мурсала Ислам құқығының маңызды ұстындарының бірі. Ислам ілімдеріне терең бойлай алған, ислам құқығы негіздерін парасаттылықпен қолдана алу қабілетіне ие адамдар қолданған кезде ғана өте маңызды нәтижеге қол жеткізіледі.

Мұсылман мемлекетінде Ислам құқығының шынайы рухы мен негізгі қағидаларын жетік меңгерген ғұламалар Құран, сүннет, ижма мен қияста арнайы дәлел кездеспеген жағдайда осы әдісті қолдана отырып, мұсылман қоғамының жаңа қажеттіліктерін қанағаттандыратын және нәтижесі қоғамның игілігіне жарайтын үкімдер шығара алады. Үкім шығарудағы негізгі мақсат адамдарға

пайда тигізіп, зияннан сақтау болып табылады. Ал заман өзгерген сайын жаңа қажеттіліктердің туындай берері де сөзсіз. Бұларды шектеу де мүмкін емес. Ал осы жаңа қажеттіліктер еленбей, оларға сәйкес жауаптар берілмесе, адамдардың көптеген табиғи қажеттіліктері өтелмей, тұрмыстары қиындап кетеді. Ал бұл өз кезегінде Жаратқанның адам баласының игілігі мен өмірін жеңілдетуді көздеген үкімдерінің негізгі мақсатына әрі ислам құқығының кез келген уақыт пен мекендегі қажеттіліктеріне жауап бере алатын, дамуға ашық құқықтық жүйе болу ерекшелігіне кереғар саналады. Өйткені үкімдердің уақыт пен қажеттіліктерге қарай өзгеруі ислам құқығының құндылығын арттыратын негізгі ерекшелігі.

Осы қағидаларға сүйене отырып, мемлекет қажет деп тапқан кезінде байларға салық салуы, қажеттілігінен көп үй-жайы бар адамдарды үй-жайсыз қалғандарға бас сұғып паналай алатын мекен-жай беруге мәжбүрлеу, қажеттілік туындаған кезде шебер-ұсталардың, диқан және сол секілді мамандық иелерін сол мамандықтарды жақсы игерген әділ екі кісі белгілеген еңбекақыға жұмыс істеуге мәжбүрлеу және оған көнбеген жағдайда жазаға тартылуы, жұмыс уақыттары мен жалақыларды шектеу, бірлесе отырып егін салу, кооперативтер құру секілді мәселелерде және ол жайлы басқа да дәлел немесе діни мәтіндерде қиясқа салып көруге келетін жағдайлар кездеспеген кездерде де осы тәсіл қолданылады. Некенің ресми бір құжатпен нақтылануының шарты, меншіктікті ауыстыру үшін жылжымайтын мүлікті алым-сағым келісімін ресми түрде куәландыруды шарт етіп белгілеу секілді жәйттар осы санаттағы істерге жатады.

Жалпы алғанда масалихул-мурсаланы дәлелге санаған көзқарас сахабалар, табиғиндер және әр түрлі кезеңдердегі мужтахид имамдардың ұстанған көзқарасы болып табылады. Масалухул-мурсаланың дәлелге саналуын жоққа шығару оның құжат екенін көрсететін дәлелдерге қайшы болумен қатар, ислам құқығының өмірде орын алып жатқан өзгерістерге ілесе алмай тұралап қалған құқық деген кері пікірлерге жол ашады [11].

Масалихул-мурсала тәсілінің басты мақсаты шарифатта үкімі айтылмай кеткен мәселелерді діннің негізгі рухына сай қарастыра отырып, адамдардың өмірін жақсарту. Еуропадағы құқықтық кодификация кезеңінде дамытылған құқық әдіснамасына жіті назар аударған кезде заңдарда көзден таса қалып кеткен мәселелердің орнын толтыру барысында соттың заң шыға-

рушының мақсатына сәйкес мәселенің пайдалы жақтарын анықтап, саралау қажеттілігі, қоғам өмірінің қажеттіліктерін, этика мен әділдік өлшемдерін, құқық сенімділігін, әсіресе құқық түсінігін негізге алу, сол қоғамдағы құқық жүйесінің құндылықтары мен олардың негізгі принциптеріне сәйкес әрекет ету керектігіне мән берілгенін байқаймыз. Еуропада дамытылған осы түсініктің жемісті әрі құптарлы болғаны күмәнсіз [12]. Кейінгі ғасырлардағы мұсылман әлеміндегі жаңашылдық пен құқықтағы модернизация түсінігінің жандана бастауымен дәстүрлі түсініктегі маслахат принципі қайта күн тәртібіне келе бастады. Дәстүрлі түсініктегі тар шеңберде қолға алынған осы ұстын шеңбері кеңейтіле отырып, ислам құқығына динамизм әкелген негізгі ұғымдардың біріне айналды. Солтүстік Африка мен Мысыр ғалымдары тарапынан қозғала бастаған осы үрдістің Османлы зиялылары тарапынан да мейлінше кең шеңберде қолданылып, қазіргі таңдағы интеллектуалдық дін түсінігіне де белгілі бір дәрежеде ықпал еткендігі байқалады [13].

Сондықтан бұл әдіснаманың әрі құқық теориясы тұрғысынан әрі қоғамдық пайда тұрғысынан өте тиімді ұстаным болғандығын айта аламыз.

Осы түсініктен байқағанымыздай Ислам құқығының түпкі мақсаты адам мен қоғам үшін пайдалы істерге жол ашып, зиянды жайттарды жою немесе тиым салуды көздейді. Бұл ислам құқығының жалпы принципі болып табылады.

А.Ш. Адилбаев, Ш.А. Адилбаева

«Аль-Масалих аль-мурсаля» как методика выведения богословско-правовых суждений в Исламе

В этой статье рассматривается проблема «аль-масалих аль-мурсаля» («общие выгоды») – методика, которой мусульманские ученые, вынося богословско-правовые суждений, пользовались больше всего. Эта методика – один из главных механизмов исламского права, который позволил ученым в тех случаях, когда в основных источниках исламского права (Коран, Сунна, Иджма, Кияс) не находились суждения относительно новых проблем, связанных с изменяющимися условиями действительности, разрешать кризисные ситуации, совершать добро, предотвращать зло и сохранять динамизм исламского права.

Ключевые слова: исламское право, правовая методология, общественное благо, религиозные доказательства, рациональный метод.

A.Sh. Adilbayev, Sh.A. Adilbayeva

“Masalih al-Mursala” as a technique of deriving law opinions within the system of the Islamic law

The article deals with problem of “al-masalih al-mursala” (“the general benefits”), the methodological technique most frequently applied by the Muslim scholars in order to derive law opinions within the system of the Islamic law. This technique, which is considered to be one of the most important ones in the Islamic law, enables Muslims to tackle different critical conditions, to consolidate the rule of goodness, to prevent the obnoxious situations from befalling people, and to preserve the dynamism of the Islamic law in the cases when no certain judgment on new situations proceeding from the ever-changing nature of the reality is available in any of the major sources of the Islamic jurisprudence such as Koran, Sunna, Ijma, and Qiyas.

Keywords: Islamic law, law methodology, public weal, religious proofs, the rational method.

Әдебиеттер

- 1 Караман Х. Мукайесели ислам хукугы, Из иайынжылык. – Стамбул, 1999. – 1 т. – 33-36 б.; Армаган С. Анахатларыла ислам хукукы. – Стамбул, 2009. – 29-33 б.
- 2 Зухәйлий У. Әл-Уәжиз фи усулиль-фиқһ, Дәрул-фикр баспасы. – Бейрут, 1995. – 92 б.
- 3 Зәйдан А. Әл-Уәжиз фи усулиль-фиқһ. – Дәр-саада баспасы, 1976. – 236 б.
- 4 Зухәйлий У. Әл-Уәжиз фи усулиль-фиқһ. – 92-93 б.
- 5 Шағбан З. Ислам хукук илминин есаслары (Усулул-фиқһ) / түрік тіліне аударған И.К. Дөнмез. – Анкара: ТДУ, 1990. – 151-152 б.
- 6 Ғазали. әл-Мустасфа. – Булак, 1384. – 1 т. – 143 б.
- 7 Каракая. Фыкыһ усулу. – Стамбул, 1995. – 150 б.
- 8 Шағбан З. – 170-б.
- 9 Зухәйлий У. әл-Уәжиз фи усулиль-фиқһ. – 96 б.
- 10 Каракая. Фыкыһ усулу. – Стамбул, 1995. – 151 б.
- 11 Шағбан З. Ислам хукук илминин есаслары. – 157 б.
- 12 Кафи И. Дөнмез, Маслахат, Ислам ансиклопедиси. – Анкара: ТДУ, 2003. – 28 т. – 90 б.
- 13 Өзен Ш. Истислах. Ислам ансиклопедиси. – Стамбул: ТДУ, 2001. – 23 т. – 388 б.